

ҚАРА САБЫННЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ

Секция

Валеология

Орындаған:


Базарбай А.Қ.

Ғылыми жетекшісі:

Айтбекова Б.О

Сынып:

2 «б» сыныбы



Пікір

Адам - табиғаттың перзенті, бір бөлшегі. Табиғат - адамның асыраушысы, яғни тамағы, киімі, үй - Медицина дамымаған кезде жұқпалы дертпен қалай күрескен? Қазіргі дәріхана сөресінде толып тұрған дәрі - дәрмек орнына не қолданған? Оқушы осы сұраққа жауап іздеп, халқымыздың көшіп-қонып, жаз-жайлау, қыс-қыстауда күнелтіп жүрсе де, өзінің кір-қоңын, киім-кешегін, көрпе-жастығын мұнтаздай таза ұстауының сырын, қара сабынның құрамы мен жасалу жолын, емдік қасиеттерін зерттеді.

Сынып жетекшісі: Б.О.Оразымбетова



Зерттеу мақсаты:

Ұлтымыздың сабын жасау дәстүрін жаңғыртып, күнделікті тұрмыста қолдану .



• Зерттеу міндеттері

**Қара сабынның
құрамын
зерттеу**

**Қара сабынның
қасиетін анықтау**

**Тәжірибе арқылы
табиғи өнімнен
сабын жасау**

Қара сабынның қасиеті

Кір қонды кетіру деңгейі жоғары
(майлы тағамдарды, кір киімдерді тез кетіреді)

Жұқпалы тері ауруының емі
(қышыма, қотыр, бөртпе т.б ауруларға кір сабынды жағып жуған)

Шаш тазартқыш
(қазақ қыздары шаштарын тез өсуі үшін қара сабынмен жуған)

Ыдыс тазартқыш
(ыдыс-аяқтарын қара сабынды сумен жуғанда, ыдыс жалтырап шығатын болған)

Тұмау емі
(тұмауратқан адамға жұқа матаға қара сабынды сулап жағып, искеткен. Әр искегенде мұрын тез ашылған)

Табиғи қара сабын неден жасалынады?

- Сексеуіл, алабота, адыраспанның кепкен сабақтары
- Малдың майы (қой, сиыр майы)



Қара сабынды жасау тәжірибесі



1. Сабағы қатайған сексеуілді өртеп,
күлін аламыз

Сексеуілдің күліне су құйып, 1-2 сағат қайнатамыз, тұндырып бөліп алған суды 7-8 сағат қайнатамыз. Нәтижесінде ақ ұнтақ - сақар түзіледі.



**Ыдыста 2 кесе малдың майын
қыздырамыз**

**Қызған майға 1 кесе сахарды
қосып араластырамыз**

Қазан отын жағудың да өз ережесі бар. Алғашында оттың қызуын арттырып алып, сосын қызу ақырындап бәсеңдетіледі. Ал қазандағы сақар үздіксіз араластырылады. Дұрыс араласпаса, түбі қазанға жабысып қалады.

Сабын дайын болғанда көбік шыға бастайды. Дайын сабынды арнайы қалыпқа салып, қатырамыз



Қолдан жасаған қара сабынды пайдаланып көргеннен кейінгі нәтижелер

- сабынмен күніне екі рет бет-қолды жуса, тері қатайып, нәрленеді . Әсіресе, құрғақ теріге өте пайдалы.
- Балаларға, әсіресе кішкене балаларға, қызылша немесе бөрткен шықса қарасабынмен сыласаңыз 3-7 күн ішінде дақ қалмай жоғалады.
- Шашты қарасабынмен жуса шаш түсудің алдын алуға болады.
- Қара сабынды пайдалану әр түрлі тері ауыруларының шығуын тежейді.

-
-



Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде қара сабынның емдік және басқа да қасиеттеріне көз жеткізілді, сондықтан оның емдік және күнделікті тұрмыста қолданылу маңызына жете мән беру, дәріптеу және насихаттау бүгінгі күннің талабы, ұрпақ парызы.

•

- Мектепте қолдан сабын жасау үйірмесін ашу;
- Еңбекке баулу пәніне қолдан сабын жасау әдісін ендіру;
- Қара сабын өндіретін шағын кәсіпорындар ашу.

Назарларыңызға рахмет!

•